

# ӨЗІНДІК ДАМУ ПСИХОЛОГИЯСЫ



**3 -СЫНЫП**

**Педагог-психолог  
Алимова Умида Саидазимовна**

# МӘДЕНИЕТТІ БОЛУ

## 1-тапсырма. «Жақсы ізет».

- Жақсы ізет бұл достарыңмен жақсы қарым-қатынас. Бұл біздің сөйлеуіміз, ісіміз, қамқорлығымыз. Мына қысқа әңгімелерді оқып сұрақтарға жауап бер.
  - Марат Айдынға келіп есік қақты. «Кім бұл?» - деді Айдын. «Бұл мен» - деді Марат. «Мен де менмін, - деп ойлады Айдын. – сонда бұл кім?»
  - *Есіктің сыртынан есіміңді айту маңызды ма?*

---
  - «Қонақтар келді!» - деп Айнұр есікті ашуға жүгірді. «Сәлем!» - деді қыздар. Айнұрдың екі көзі қыздардың қолындағы қорапта. «Бұл маған ба? Тезірек беріңдер!» - деді Айнұр.
  - *Қыздар өзін қалай сезінді?* \_\_\_\_\_

---
  - «О, тәтті тоқаштар!», - деді Қонжық. Есек Қонжықтың жегеніне қарап тұрды, ол көңілсіз.
  - Қонжық нені ұмытты?
- 



## 2-ТАПСЫРМА. «ЕРЕЖЕ»

МӘТІНДІ ОҚЫП, ЕРЕЖЕНІ ЕСТЕ САҚТАП АЛ. ҚАНДАЙ ҚАСИЕТ ҰНАЙДЫ?

Қонжық өзін-өзі жақсы ұстауды үйренгісі келді:

- Біреудің затын алар кезде сұра
- Айналаңдағыларға көмектес
- Тентек болма

Бұл ережелер қонжыққа қиын соғатын болды. Ол барлығын керісінше істеп үйренген. Ал сен ше?

**Ереже:**

**Сыйлы адам болғың келсе,  
өзгелерді сыйлай біл!**



**3-ТАПСЫРМА. «МЕН КЕШІРІМ СҰРАЙ БІЛЕМІН»**  
КЕЗ-КЕЛГЕН АДАМ ҚАТЕЛЕСЕДІ. БІРЕУДІ  
РЕНЖІТЕДІ. БҰЛ ЖАҒДАЙ ОТБАСЫНДА ДА БОЛУЫ  
МҮМКІН. СӨЙЛЕМДІ АЯҚТА.

- Бала ата-анасының көңілін түсіруі  
мүмкін \_\_\_\_\_

- Бала ағасы мен қарындасын ренжітуі  
мүмкін \_\_\_\_\_

- Бала атасы мен әжесінің көңілін түсіруі  
мүмкін \_\_\_\_\_



#### 4-ТАПСЫРМА. «МЕНИҢ ЖАҚЫНДАРЫМ»

СЕН КЕЙДЕ ЖАҚЫН АДАМДАРЫҢДЫ РЕНЖІТЕСІҢ БЕ? ҚАНДАЙ КӨҢІЛ-КҮЙДЕ БОЛАСЫҢ? КЕРЕК СӨЗДІ СЫЗ, ДӨҢГЕЛЕКТІ БОЯ

- Өзімді кінәлі сезінемін.
- Ұяламын.
- Ашуланамын, бірақ қоя алмаймын.
- Мені жек көріп қалады деп қорқамын

#### 5-тапсырма «Жақын адамдарыңды кешіре біл»

- Егер жақыныңды кешірмесең, реніш жиналып қалады, көбейеді. Адамдар бір-бірін ренжіткенде қандай күйде болады?



## 6-ТАПСЫРМА. «РЕНІШТІ ЕРІТЕМІЗ»

- Реніш еріп кету үшін не істеу керек? Қандай жылы сөздермен, істермен ерітуге болады?

- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_
- \_\_\_\_\_

- **Үй тапсырмасы:**

Үлкендерден сұра, қандай қарым-қатынас жасаған дұрыс деп ойлайды? Жауабын жаз.

---



# РЕФЛЕКСИЯ

- Сабақты смайликті таңдау арқылы бағала, дөңгелекпен қорша.
- 



ТАПСЫРМАЛАРДЫ  
ОРЫНДАП, САБАҚҚА  
ҚАТЫСҚАНЫҢ ҮШІН

**РАХИМЕТ!**

